

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.


The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023



Сурет 4-Лауазым ұғымына түсінік.

Сурет - 4-тен байқағандай, студент жастар лауазым - жауапкершілік мәселесін жоғары орынға қояды. Жастардың лауазым –жауапкершілік ұғымын бірінші орынға қойғандығынан қоғамды басқаруда, ел ертеңін қолдарына алуда «Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асыра алатындарына негіз бар деп қорытамыз.

Қорыта айтқанда, халықтың тілдік санасын зерттеу мәселелерінде ассоциативтік әдістердің тиімділігінің маңызы зор. Ассоциативтік эксперимент материалдары ұлттық мәдениетті, тілдік сананы зерттеудің қайнар көзі болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Большой психологический словарь М.2004
2. Караулов.Ю.Н Русский язык и языковая личность. М., Наука.1987.-267-с
3. Аманжолов.С Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша ғылыми курсы Алматы 1940
4. Джордж.А.Миллер Образы и модели уподобления и метафоры.Москва 1990. – 511с
5. Тарасов.Е.Ф Межкультурное общение – новая онтология анализа языкового сознания// Этнокультурная специфика языкового сознания М.,1996 ,– 410с
6. Карасик.В.И Языковой круг. Личность, концепты, дискурс. Волгоград.200

ӘОЖ 81`34

ФОНЕТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Бекмұратова М. К.

bmerejim@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ш. Қапантайқызы

Фонетика – тіл білімінің дыбыстық жүйесін зерттейтін саласы. Фонетика» сөзінің түбірі - «фон» дыбыс деген мағынаны, «тика» жалғауы «жүйе», «ғылым» мағынасын береді. Олай болса, «...фонетика дыбыс ғылымы немесе дыбыс жайындағы ғылым болып шығады» [1]. Әрбір тілдің дыбыстық жүйесінің өзіндік сипатын, түрлі заңдылықтарын білудің маңызы зор. Тіл дыбыстарының қолданылу, жасалу ерекшелігін білмей, әдеби тілдің айтылу, жазылу заңдылықтарын меңгеру қиындық тудырады. Дыбыстарды дұрыс айта білу – түсінікті сөйлеудің ең негізгі шарты болып табылады[2]. Тілді үйретуде, сөйлеуде фонетикалық дағдылардың алатын орны ерекше. Қазіргі білім жүйесіне сай келетін әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы фонетиканы мектеп оқушыларына үйрету – өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Соған байланысты фонетиканы оқытудың тиімді әдістерін табуға бағытталған шағын зерттеу жүргізе отырып, фонетикалық бірліктерді оқытудың ерекшелігін саралау; зерттелетін мәселе төңірегінде ғалымдардың ой-пікірлерін талдау; қазақ тілі сабағындағы фонетикалық жұмыстың әдістемелік негіздерін анықтау; заманауи интерактивті әдістерді қолдана отырып, қазақ тілі сабағында қолдануға болатын фонетикалық жаттығулардың түрлерін құрастыру міндеттерін шешу көздедік.

Қазақ тілінің дыбыстық жүйесінің зерттелуі ХІХ ғасырдан бастау алады. Тіл дыбыстары жөніндегі алғашқы пайымдаулар орыс ғалымдары П.М.Мелиоранский, В.В.Радлов, Н.И.Ильминскийдің еңбектерінен кездеседі. Қазақ ғалымдарының ішінен А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Х.Досмұхамедұлын ерекше атап өтуге болады. Олар сөз бен буын, үндестік заңы, тіл дыбыстары мен олардың таңбаларына, жазу қағидаларына талдау жасап, балаларға дыбыс жүйесін қалай барынша қарапайым меңгертудің әдістерін саралады.

А. Байтұрсынұлының «*Жазу тәртібі*» деген мақаласында: «Оқу құралының ең ұлығы – бала оқытатұғын кітап. Оның жақсы болып, балалардың жанын қинамасына жазудың тәртібі болуы шарт. Тәртіпті жазу деп айтамыз тілдегі бар дыбыстың бас-басына арнаған белгісі (харфі) бар болса. Осы күнгі жазуымызда дыбыс басына арнаған белгіміз жоқ. Бір белгіменен әлде неше түрлі дыбыстарды жазамыз. Мысалы: «о -» жазамыз бес түрлі дыбысты, «ы-» – менен жазамыз үш түрлі дыбысты. Балаларға һәр түрлі айтылатұғын сөзді бір түрлі айтып жазып қойып, һәр түрлі айтып оқу керек дегеніміз зорлық емес пе? «Бірдей жазылған сөзді қалай һәр түрлі оқысам дұрыс болады» деп, бала қиналмай ма?» - деп жазады. Ғалымның оқу құралындағы жазу тәртібін түзетіп, жөнге салу мәселесі жайлы осы пікірінің ішінен қазақ дыбыстарын дұрыс оқытудың маңыздылығын да көтергенін аңғарамыз [3].

Орыс ғалымы Р.И.Аванесовтің: «Тілдің фонетикалық жүйесімен таныспай тұрып, оны теориялық немесе практикалық тұрғыдан үйрену мүмкін емес. Өйткені, тіл дыбыстары тілдің «табиғи материясы» болып табылады. Сондықтан, тілді зерттеу – оның грамматикалық құрылымы мен лексикасы – өз алдына оның фонетикалық жүйесін зерттеуді көздейді», - деген пікірінен оқушыға фонетикалық білімді дұрыс меңгертудің маңыздылығына тағы да көз жеткізе түсеміз [4].

Ғалым Ә.Исабаев өзінің «Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері» атты оқу құралында: «Қазақ тілінің фонетикасынан оқушыларға теориялық білім беруде қойылатын келесі талаптарды атап көрсетеді:

- 1) қазақ тіл білімінің фонетика саласының орфография мен орфоэпияның соңғы табыстары;
- 2) қазақ тілінің фонетикасын негізін танытатын материалдар;
- 3) оқушыларға әдеби тілде сөйлеп, оқып және жаза алатындай білім мен дағдылар беретін тілдік материалдар;
- 4) оқушылардың ой-өрісі мен жас ерекшелігіне сәйкес келетін қазақ тілі фонетикасының материалдары» [5].

Зерттеу барысында келесі проблемалық сұрақтар көтерілді:

1. Күнделікті өмірде сөздерді оқушылар қаншалықты дұрыс айтады?
2. Фонетикалық талдау барысында олардың алдында қандай қиыншылықтар кездеседі?
3. Фонетиканы жақсы меңгерту не үшін қандай тапсырмалар қажет?

Осы сұрақтарға жауап іздей отырып, жинақталған интерактивті жаттығуларымыздың жүйесін «Ер Төстік батырдың Кенжекейге жетуіне көмектес» тақырыбындағы ойын түрінде ұсындық:



Жаттығудың мақсаты: Ертегі кейіпкерлері мен интерактивті әдістерді пайдалана отырып, оқушылардың фонетика туралы білімдерін кеңейту.

Жаттығудың орындалу жолы: QR код арқылы «Worldwall, Learning Apps» платформаларына кіреді. Берілген нұсқаулық бойынша тапсырмаларды орындайды.

Күтілетін нәтиже: Оқушылар жаттығуларды орындау арқылы тілдің дыбыстық жүйесін еске түсіріп, сөздерді буынға бөліп, фонетикалық кешенді талдауды дұрыс жасай алады.

1) «Пазлды құрастыр» жаттығуы арқылы оқушылар дыбыс үндестігін естеріне түсіріп, білімдерін кеңейтеді.



2) «**Er Tostikke jolbarysty jeңuge kömektes**» жаттығуының көмегімен оқушылар сөздерді орфографиялық нормаға сай дұрыс айтуға дағдыланады.





3) «**Сәйкестендір**» жаттығуының көмегімен оқушылар дауыссыз дыбыстардың ерекшеліктерін еске түсіріп, оларды құрамына қарай дұрыс ажыратуға үйренеді.




4) «**Жүйрік болсаң, озып көр!**» жаттығуы сөздерді буынға дұрыс бөлуге бағытталады.




5) «**Кім жылдам?**» атауымен берілген тест сұрақтарына жауап беру арқылы оқушылар қарапайым фонетикалық ұғымдар жөніндегі білімдерін бекітеді.



6) «**Шытырманнан шығуға көмектес!**» жаттығуында оқушылар сөздерді орфографиялық нормаға сай дұрыс жазуға дағдыланады.





7) «**Буынға дұрыс бөл**» ойынында оқушылар сөздерді буындарға дұрыс бөлу арқылы шапшаң болуға үйренеді.



8) «Ойлан, тап!» ойыны оқушылардың берілген әріптердің ішінен сөздерді тауып, оларға фонетикалық талдауды дұрыс жасауына бағытталады.



9) «Қанша дыбыс бар?» ойыны оқушылардың дыбыстар туралы білімдерін бекітуге бағытталады.



Фонетиканы меңгеру тіл білімін үйренудің алғышарты болып табылады. Осы мақсатта жүргізілетін жұмыстардың барлығы дұрыс сөйлеу мен жазу үрдістерін көздей отырып, оқушылардың көп уақытын алмауы керек. Жоғарыда берілген интерактивті жаптығулар оқыту жүйесінің бір бөлшегі ретінде басқа тілдік материалдармен кірігіп кеткені дұрыс. Оқушылардың меңгерген фонетикалық дағдыларын дамытудың жолы – материалдарды үнемі қайталап отыру, тілдік ортаны жоғалтпай, адамдар арасында үздіксіз сөйлесу, тілдесу үдерісін жүзеге асыру.

Қорыпта айтқанда, фонетиканы оқыту әдістемесі күрделі әрі ұзақ процесс. Сөздердің дыбыстық жүйесін оқыту арқылы оқушыларға сауаттылықпен қатар дұрыс сөйлеуді, яғни орфоэпиялық норманы үйрететінімізді ұмытпаған жөн.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер: Құдайберген Жұбановтың 110 жылдығына арналады. Жауапты редакторы Ш. Құрманбайұлы. А. Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институты. - 3-бас., өнд. - Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. - 607 б.
2. Оразбаева Ф.Ш., Рахметова Р.С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі: Оқу құралы. - Алматы, 2005. - 170 б.
3. А. Байтұрсынұлы Жазу тәртібі // «Айқап», 1912, №4-5 саны.
4. Аванесов Р.И. Фонетика современного русского языка. – М., 1956. - 233 с.

5. Исабаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері (көмекші оқу құралы). - Алматы, 1993. - 160 б.

ӘОЖ 811.512.122

ПУНКТУАЦИЯНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Ермекқызы Аружан

aruzhan_yermekkyzy@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ш. Қапантайқызы

Пунктуация – бір нәрсені жазғанда, оқығанда, айтқанда ойды басқаға түсіндіру, сондай-ақ бөгде біреудің ойын түсіну үшін қолданылатын тыныс белгілері ережелерінің жиынтығы. Термин латынның «punctum» – нүкте деген сөзінен алынған. Тыныс белгілері жазылған мәтіннің мазмұнын дұрыс түсінуге, оның оқылуын жеңілдетуге мүмкіндік береді. Пунктуациялық сауаттылық оқушылардың тіл мәдениетінің, ой-өрісінің, сөз байлығының нәтижесін көрсетеді. Тыныс белгілерден қате кететін болса, сөйлемнің мағынасы да, айтар ой да, экспрессивті-эмоционалды сипаты да жоғалады. Сондықтан пунктуация дұрыс болмаған жерде сөйлем де, мәтін де дұрыс болмайды. Сол себепті оқушылардың тыныс белгілерін орынды қолдану дағдыларын қалыптастыру – өзекті мәселелердің бірі.

Оқушылардың пунктуациялық сауаттылығын, жазуда тыныс белгілерін дұрыс қою дағдысын қалыптастыру, пунктуациялық қағидаларды толық игерту мәселесі бүгінгі күні өте өзекті болып отыр. Шағын зерттеуімізде тыныс белгілерін қоюда қандай мәселелер туындайтынын анықтап, олардың салдарын анықтау, шешу жолдарын ұсыну мақсатын көздейміз. Нәтижесінде жұмысымыздың практикалық бөлігі ретінде тыныс белгілерінің түрлерімен таныстыру, олардың қойылу себептерін түсіндіру және пунктуациялық ережелерге сай тыныс белгілерін қоя білуге үйрету мақсаттарын көздейтін интерактивті тапсырмалар жүйесін ұсынамыз.

Тіл білімінде тыныс белгілеріне қатысты көптеген зерттеулер бар. Пунктуация және оны оқыту мәселелері А.Байтұрсынұлы, М.Балақаев, Қ.Жұбанов, Н.Оралбаева, Р.Сыздық, А.Қыдырниязова, Ф.Мұсабекова, А.Жапбаров, С.Жиенбаев және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Профессор С.Жиенбаев: «Тыныс белгілері – синтаксистік категория. Сөйлем мүшелерінің өзара байланысу қағидаларын білмей тұрып, ол байланысты тыныс белгісі арқылы да белгілеуге болады», – деп тыныс белгілерінің маңызын көрсеткен болатын [1, 13].

Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы «Тіл тағылымы» еңбегінде тыныс белгілерінің 11 түрін көрсетеді: кіші сызықша, үлкен сызықша, ноқат, үтірлі ноқат, теріс үтір, қос ноқат, сұрау белгісі, леп белгісі, көп ноқат, қабат үтір, жақша. Нүктеге мынандай анықтама береді: «Ноқат (нүкте) «.» (ұлы тыныс). Бұл белгі: 1) Әбден біткен ойлы сөйлемдерді бір-бірінен айыратын орында қойылады; 2) Мақала, кітап басының атауларынан соң қойылады; 3) Қысқартқан сөздің соңынан қойылады; 4) Келте-келте қысқартылып айтқан сөйлемдердің соңынан қойылады». Осылайша, тыныс белгілерінің қолданылуы жайында ақпарат береді [2, 311].

Профессор А.Жапбаров: «Қағазға түскен сөйлемдер тұтас жүйесімен, белгілі бір хабардың толық мазмұнын оқушыға жеткізеді. Ал мазмұнның жеткізілуі мәтіннің сауатты жазылуына байланысты. Сауатты жазу пунктуациялық норманы, ал пунктуация орфография ережелерін негізге алады. Сондықтан жазудың лингвистикалық ерекшелігі әріптік таңбадан бастап алфавитке дейінгі жазуды, тілдің дыбыстық жүйесін, олардың жазылу ережесін, жазбаша сөйлеу үлгілерін қамтиды», – деп, оқушының пунктуациялық сауаттылығын дамытуға баса назар аударған. Тыныс белгілерін орынды қолдану үшін қандай жаттығулар жасау керектігіне, оқыту әдістемесіне зор үлес қосқан [3, 37].